

АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫСЫ
ТИІМСІЗ ЖҰМСАЛСА,
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА
ЖОЛ БЕРІЛСЕ, ОНЫҢ
ЖАЗАСЫ АУЫР БОЛАДЫ

Мемлекет басшысының төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өтті

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Мемлекет басшысы: «Біз экономиканы жаңғыртуға, ауқымды әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға қазынадан қыруар қаржы бөлеміз. Алайда, жемқорлықтың салдарынан мемлекеттік бағдарламалар сапасыз орындалуда. Бұл халықты әлеуметтік қорғау, ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелерінің уақтылы шешілмегенін көрсетеді. Жергілікті жолдардың сапасыздығы мен бизнестің дамуына жемқорлықтың кесірінен туындаған проблемалар кедергі келтіреді. Азаматтар бюджеттің әрбір теңгесінің мақсатты жұмсалатынына көз жеткізуі керек» деп тұжырымдай келе, биліктің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының жеті негізгі шарасын атап өтті.

Жемқорлыққа қарсы жеті негізгі шара

1. Азаматтардың құқығын қорғау.

— Мен Конституцияға сәйкес ұлтына, дініне, мүлік жағдайына қарамастан барлық азамат тең деген ережені басшылыққа аламын. Ешкім де заннан биік емес. Қоластындағы қызметкерлердің жемқорлыққа қатысы болса, орталықта да, өңірлерде де бірінші басшылар тікелей жауап береді. Сондықтан кешенді алдын алу шараларын қолға алу қажет, — деді Мемлекет басшысы.

2. Мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының конструктивті әріптестігі.

Ел Президенті мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының конструктивті әріптестігін атап, жемқорлықпен күресте күштік шаралар аздық ететінін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қалыптасуы шарт. Барлық мемлекеттік органдар осы бағытта жұмыс істеуі керек». Ол Әділет министрлігіне көпшіліктің жемқорлыққа қатысты құқықтық сауатын арттыру жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Білім және ғылым министрлігі балаларды ерте жастан жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздеріне баулуды қол алғаны жөн екендігін ескертті.

3. Қоғамдық бақылауды күшейту.

— Парламенттің, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді қатысуы негізінде мемлекеттік шешімдердің әділдігін



қамтамасыз ету керек. Жер учаскелерін беру, балабақшадан кезек алу сияқты мәселелердің бәрі де қоғамдық бақылау негізінде жүзеге асуы шарт. Бізде мұндай жұмыстар үшін құқықтық механизмдер бар. Әрбір мемлекеттік органда қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Алайда, іс жүзінде олардың жұмысы көңіл көншітпей отыр. Азаматтық қоғаммен жұмыс істеу тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажет. Мемлекеттік аппараттың жұмысын азаматтардың талабына сай бағыттау керек, — деді Мемлекет басшысы.

4. Бюджеттік саясаттың ашықтығы.

Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, «Бюджеттік үдерістің кезеңдері, яғни құрылудан бастап жүзеге асуға дейінгі аралықтың барлығы ашық болуы керек. Азаматтар қажет етпейтін тауарлар алынып, ғимараттар салынып жататын мысалдар аз емес. Тиімсіз «имиджік» жобалар мен бағдарламалардан бас тарту қажет. Данғойлық пен ысырапшылдыққа жол берген шенеуніктер қатан жазалануы керек. Халықтың қаржысы тиімсіз жұмсалса, құқық бұзушылыққа жол берілсе, оның жазасы ауыр болады. Мемлекеттік органдар жанындағы ұйымдар мен ұлттық компаниялар да қоғам бақылауында ашық әрі түсінікті болуы керек».

5. Жемқорлыққа қарсы саясатта өңірлердің рөлін күшейту.

— Әкімдерге айтарым, жемқорлықты түбегейлі жою — сіздердің жұмыстарыңыздың негізгі көрсеткішінің бірі. Оған сіздер тікелей жауаптысыздар. Әрбір елді мекеннің өз бюджетіне қарай төртінші деңгейлі бюджет құруды аяқтау керек. Менің Президент ретіндегі ұстанымым бюджет шығындарын жоспарлауға, әсіресе, өңірлерде халық өкілдерін қатыстыру керек. Бұдан ел экономикасы дамып, тиісінше, халықтың әл-ауқаты артады, — деді Мемлекет басшысы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету ісіндегі үдемелі цифрландыру.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппарат қызмет көрсету барысында тұтынушыларға бейімделу қажеттігіне ерекше тоқталды: «Тұрмыстық жемқорлықты жоюдың бірден-бір көзі — мемлекеттік қызмет көрсетуді электронды нұсқаға көшіру. Бұл жерде шешімін таппаған мәселелер

бар. Бүгінде мәліметтер базасының 33 пайызы ғана интеграцияланған. Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі осы жұмысты сапалы әрі уақтылы аяқтауы қажет. Электронды Үкіметті дамыту аясында азаматтардың көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді мобильді нұсқада алуы үшін жаппай оқыту жұмыстарын дамыту біздің басымдығымыз саналады».

7. Мемлекеттік сатып алу жүйелерін жетілдіріп, бизнеске әкімшілік қысымды төмендету.

— Бүгінде 25 мың ұйым мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асырады. Бұл жемқорлыққа қарсы бақылауды қиындатады. Осыған байланысты, мемлекеттік сатып алуларды орталықтандырып, әлеуметтік саладағы бюджеттік мекеме басшыларын бұл міндеттен босату керек. Колледждер мен мектеп директорына дейін мемлекеттік сатып алуға қатысы бар. Орталық мемлекеттік органдарда саяси қызметшілерді мемлекеттік сатып алуларға араластырмайтын механизмдер әзірлеуді тапсырамын. Сонымен қатар, мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беру керек. Бұл туралы жиі айтылса да, 5 функция ғана жеке секторға берілген. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Ә.Смайыловқа және Ұлттық экономика министріне тиісті жұмыстарды жүргізуді тапсырамын. Оның нәтижелерін маған 1 айдың ішінде баянданыңдар, — деді Қазақстан Президенті.

Жиын соңында Мемлекет басшысы жемқорлық бойынша қоластындағы қызметкерлердің қылмыстық әрекеттері үшін бірінші басшылардың жауапты болатынын тағы бір мәрте қадап айтты: «Егер біз жемқорлықты түбегейлі жоюды міндет етіп алсақ, менінше, мемлекеттік орган басшылары мұндай жағдайда отставкаға кетуі керек. Олардың отставкаға кетуін қабылдауды немесе қабылдамауды Мемлекет басшысы шешеді. Бірақ жұмыстан босату туралы арыз жазуы міндетті шара болуы керек», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкімет пен Президент Әкімшілігіне осы жиында көтерілген мәселелерді шешу үшін енгізілген ұсыныстар негізінде жұмыс істеу тапсырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«АЛМАТЫ–ҰЗЫНАҒАШ»
БАҒЫТЫ БОЙЫНША ПОЙЫЗ КҮНІНЕ
ЕКІ РЕТ ҚАТЫНАЙТЫН БОЛАДЫ

Жұмыс сапары кезінде шаһар басшысы Бауыржан Байбек «Алматы–Ұзынағаш» бағыты бойынша жүретін жылжымалы құрамды қарап шықты. Жолаушы легінің артуына байланысты қала басшылығы қосымша субсидиялау есебінен осы бағыттағы вагондар саны мен қатынау жиілігін көбейту жөнінде шешім қабылдады.

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ

Аралық бекеттер «Боралдай», «Аксенгір», «Шамалған» және «Жангелді» елді-мекендерінде орналасқан. Қала маңына қатынайтын бағытта күніне 900-ге жуық адам жүретін көрінеді. Дегенмен, жаз кезінде жолаушылар легінің азаюы да мүмкін. Сондықтан үстіміздегі жылдың 25 тамызынан бастап бағытты күшейту жоспарланған. Егер бұрын аталған бағыт бойынша ары-бері 6 вагон қатынаса, енді 25 тамыздан бастап бағытқа 9 вагон қызмет көрсетеді және екі айналма рейс жасайды. Вагондар салқындатқыш желісімен, санузел жүйесімен, телевизормен жабдықталған.

Қала әкімі қалаға күніне 275 мың автомобильдің кіретінін, оның көлік инфрақұрылымы мен экологияға кері әсер ететінін атап өтті. Осы теміржол бағытын субсидиялаудың өзі көлік легін 10 мың автомобильге қысқартуға мүмкіндік береді екен.

— Кейбір желі қолданушылары талап еткендей, қалаға келетін жеке көлікті қыспаққа алу дұрыс емес. Біріншіден,

бәріміз бір елдің азаматтарымыз. Екіншіден, қозғалыстың балама түрін құру қажет. Қала маңына жақын орналасқан аудандар тұрғындарының басым көпшілігі Алматының еңбек нарығымен тікелей байланысты. Сондықтан біздің басты міндетіміз — сапалы қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету. Әрине, алматылықтар бұл бағытты пайдаланбайды, алайда, экологияны жақсарту, кептелісті болдырмау мақсатында біз бұл жұмысты күшейтеміз. Қала маңындағы тасымал Алматының көлік жүйесінің құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Бұдан барлығымыз ұтамыз, бірінші кезекте алматылықтар, — деп атап өтті Бауыржан Байбек.

Естеріңізге сала кетсек, қалада көлік реформасы аясында автобус паркі 80 пайыздан астамға жаңарды, еліміздегі алғашқы BRT желісі іске қосылды, каршеринг қызметі енгізілді, метроның жана екі бекетінің құрылысы жалғасуда, LRT жобасы жүзеге асуда.

Бұрын «КТЖ» АҚ «Алматы-1» және «Алматы-2» теміржол вокзалдарын қала балансына беру туралы шешім қабылдаған еді. Бұл әкімдікке нысандарға тиесілі реконструкция жүргізуге ғана емес, сонымен қатар, оларды мегаполистің көлік инфрақұрылымының бір бөлігі ретінде дамытуға мүмкіндік береді.

Жергілікті бюджет есебінен 2018 жылы екі теміржол вокзалдарының алаңдары жаңарды. Қоғамдық көлік әлеуеті үшін вокзалдар алды қайта бөлінді, қауіпсіздік бөлігімен бірге жаяу жүргіншілердің өтпелі жолдары абаттандырылды және бейнебақылау камералары орнатылды.

Әлеуметтік қызметтің
Бірыңғай орталығы ашылады

Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек әлеуметтік қызметтің Бірыңғай орталығы орналасатын ғимаратты аралап шықты. Абай мен Достық даңғылдарының қиылысында тұрған нысан күрделі жөндеуден өткен соң, оңда орн-спрае форматында Әлеуметтік әл-ауқат және Тұрғын үй саясаты басқармалары, сонымен қатар, Алматы халқын еңбекпен қамту Орталығы жайғаспақшы.

Әсел ДАҒЖАН

Қазіргі кезде мегаполисте түрлі әлеуметтік қызмет алатын 300 мыңнан астам тұрғын бар. Олар түрлі мекемеде көрсетілетіндіктен, халық олардың көпшілігін біле бермейді. Ал жана нысанда «бір терезе» қағидасы бойынша мекен-жайына қарамастан 60-тан астам әлеуметтік қызмет түрі көрсетіледі. Мәселен, мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйді жекешелендіру, түрлі әлеуметтік төлемдерді рәсімдеу, протездік-ортопедиялық көмекке өтініш беру және басқалары осы жерде атқарылақшы.

— Мемлекет басшысы соңғы кеңестердің бірінде айтып өткендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру үшін алдын алу жұмыстарын жүргізген жөн. Тұрғындар қызметтерді іздемей, қайта қызметтер оларға келуі тиіс. Олар барынша ашық әрі жариялы болса, субъективті факторға жол бермейді. Біз осы ұстаным бойынша аналарға қолдау көрсететін «Бақытты отбасы» үйін, «Белсенді ұзақ өмір» атты белсенді қарттар орталығын, Урбанистика орталығын, IT саласы мен электронды коммерцияның жетекші компаниялары орналасқан Инвестиция үйін аштық. Коммуналды мәселелер бойынша бірыңғай байланыс орталығы да құрылады, — деді Бауыржан Байбек.

Айта кеттік, жоғарыда аталған басқармалар мен қызметтерді коммуналды нысанға көшпелі жыл сайын 100 миллионға жуық бюджет қаржысын үнемдеуді қамтамасыз етеді.